

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру үйімі (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	10.07. - 14.07.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сарсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету.	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету.	"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге мүмкіндігін істеп тәжірибеде көруге машықтандыру.	Бөлме өсімдіктерін куту. Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (курап қалған жапырақтарды алып тастау), күтүге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.	Аквариумдағы балықтарды коректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту.
	"Көлікті жүргіземіз" жаттығу. Мақсат-міндеттер: тақпақта айтылған сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға	"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойны Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы	"Жайлы үй" ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды үйдегі эртүрлі заттармен таныстыру, оларды жалпы белгілері бойынша жіктеуге	"Саусақтар- ойыншықтар" саусақ жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай	"Үлкен - кіші" ойны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, зейнін дамыту. Балалар 2 топқа бөлінеді. 1 – ұлдар

	бейімдеу; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Біздің арман көрікті - Жүргіземіз көлікті. "У-у-у!" - деп, мотор дыбыстайды, "У-у-у!" - деп, тоқтамайды. Рөлді мықты ұстаймыз, Аяқпен басып, газдаймыз. "Ту-ту-у!", шығамыз жолға, "Ту-ту- у!", бәрі алда. Д. Ахметова. (тәнімдық дағдылар, сөйлеуді дамыту) «Үшіншісі артық» ойныны. Мақсат-міндеттер:	білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажыраты білу дағдыларын дамыту. Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын	үйрету; Ойынға 30 суретті карточка кіреді. Олардың 25-інде әртүрлі заттар бейнеленген. 5 карточка жалпылама болып табылады, олардың әрқайсысы заттардың өз тобын анықтайды: киім, аяқ киім, ыдыс-аяқ, жиһаз, ойыншықтар. (қоршаған ортамен тәністыру, сөйлеуді дамыту) Санамақты мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуга, мәтіннің мәніне сай қымылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу	орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Саусақтарым, оыйншықтарым (Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету) Ойнап-ойнап қалады, (Саусақтармен кезектеп жыбырлау) Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу) Жасырынып қалады. (Жұдырықтарға жұму) - Қане, шық жұдырықтан! (Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету) Қане, тұр тұзу сапқа! (Алақанды жаю,	(текшениң ең кішкентайынан ұлкеніне қарай), ал 2 – қыздар командасы (керісінше, доптың ең үлкенінен кішісіне қарай рет-ретімен қояды). Керісінше: Үлкен текшеге – кішкентай көлікті қою керек. Кішкентай текшеге – үлкен көлік қою керек. Көркем сөз. Достарды жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкені үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. (қоршаған ортамен тәністыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	--	---	---	---	--

	<p>басқаларына сәйкес келмейтін затты (геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет.</p> <p>Есту арқылы жұмыс жасау: тәрбиеші сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды, мысалы: 2 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 2 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (тұс бойынша).</p> <p>(тәнімдүк дәғдилар)</p>	<p>айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Ою саламыз"</p> <p>саусақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ыргағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)</p> <p>Оюды саламыз:</p> <p>Бұлақ, (Көлдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)</p> <p>Дөңгелек, (Шеңбер салу)</p> <p>Ирек, (Толқындар</p>	<p>қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Екі көз бен қос құлақ, Бір бас пенен бір мұрын.</p> <p>Нешеу болды қос шырақ,</p> <p>Санап шығар кім бұрын?!</p> <p>Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілін ...</p> <p>Нешеу болды қане, бол,</p> <p>Санап шығар кім бұрын?!</p> <p>Сұқ саусағым суга барды,</p> <p>Ортақ қолым орак орды.</p> <p>Аты жоғым ағаш жарды,</p> <p>Жұмсамалты алақаным,</p> <p>Тек шынашақ-</p>	<p>саусақтарды бір тік жинау)</p> <p>Ойнап болдық, тамаша!</p> <p>(Шапалақтау)</p> <p>Іс жасайық жаңаша!</p> <p>(Сұқ саусақты бұлғау)</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Лото" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға суреттер тізбегін жинау.</p> <p>Жүргізуши таңдалады. Қалған балалар аяқ киім, киім және т. б.</p> <p>бейнеленген суреттерді таңдайды.</p> <p>Қалған суреттерді араластырып, қалтага салып қояды.</p> <p>Жүргізуши бір суретті алып, оны басқа балаларға көрсетеді.</p> <p>Қай бала бірінші</p>	<p>Пирамидаларды құру жаттығулары.</p> <p>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту.</p> <p>(сенсорика)</p>
--	---	---	---	---	--

		<p>жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>балапанын. (М. Қуанышбеков) (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p>	<p>болып жинап, өз тізбегін құрайды, сол бала женіске жетеді. (тәнімдыш дағдылар)</p>	
Таңертеңгі жаттығу		<p>1. Көлбен-көлбен, көлеңкем. Көлбендеңген көлеңкем. Аю қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Аю былай, жүреді оны бәрі біледі. Бір қатармен жүру, аяқтың екі шетіне басып, аю сияқты қорбандаш жүру. (1 мин) а) Көлбен-көлбен, көлеңкем. Көлбендеңген көлеңкем. Тұлкі қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Тұлкі былай, жүреді оны бәрі біледі. Бір қатармен жүру, тұлкі сияқты бұландаш жүру (1 мин) б) Көлбен-көлбен, көлеңкем. Көлбендеңген көлеңкем. Қоян қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Қоян былай, жүреді оны бәрі біледі.</p>			

	<p>Біт қатармен жүру, қоян сияқты секіру. (1 мин)</p> <p>2. Б.к: тұрып аяқ арасы ашық иықпен 1- оң қолды көтеру, 2-сол қолды көтеру, 3-оң қолды жоғары көтеру, 4- сол қолды, 5- оң қолды жанға созу, 6-сол сияқты сол қолды, 7-тәмен түсіру оң қолды, 8- сол қолды тәмен түсіру. 6-8 рет.</p> <p>3. Иілеміз оңға, иілеміз солға. Отырамыз, тұрамыз. Құс болып қанат қағамыз. (3-4) (дene шынықтыру)</p>
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстай, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Ас ішкенде күндегі біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Толқиды теңіз" құмылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: "Толқиды теңіз бір,</p> <p>"Қарама-қайшылық" ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белгілі бір</p> <p>"Қимыл ойланап табу" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын, зейінін, қабылдау, пантомималық қабілеттерін дамыту. Балалар шенберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың</p> <p>"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаши. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай құмылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру,</p> <p>"Түймеше" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды құмылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды</p>

	<p>Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт" - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. (дene шынықтыру)</p> <p>"Зат неге ұқсайды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет- карточкалары. (коршаган ортамен тәнестеру)</p>	<p>сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жұқ; шыны - ыдыс, эйнек, т.с.с. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>біреуін бастаушы етіп тағайындаиды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, онға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кеzде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе</p>	<p>ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды</p>	<p>эмоцияларды дамыту. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
--	--	---	---	---	--

			<p>оыйн бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және оыйнды жалғастыра береді.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың үшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Құрастырудан оыйн-жаттығу "Көгөністер арналған себеттер" Мақсат-міндеттер: Балаларды санау таяқшаларын пайдаланып, үлгі бойынша құрастыруды үрету, көгөністер туралы білімдерін кеңейту, үлгі бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу.</p>	<p>Дене шынықтырудан оыйн-жаттығу "Қуырмаш" саусақ оыйнын ойнаймыз Мақсат-міндеттер: Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүргуге үрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тұра секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан</p>	<p>Көркем әдебиеттен оыйн-жаттығу В. Маяковский "Жақсы деген немене, жаман деген немене?" Мақсат-міндеттер: Балаларда сурет салу техникасы - Балаларға өмірдегі жақсы мен жаман қасиеттерді айыра білуге үрету; тілдік қорларын молайту; ойлау қабілеттерін дамыту; жаман қылықтардан алшақ жүргуге, жақсы игі істерге жақын болуға</p>	<p>Сурет салудан оыйн-жаттығу "Дәрумендер қайда жасырылған?" Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салу техникасы - штампингпен (мөр басу) таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдай білу, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру;</p>	<p>Музықадан оыйн- жаттығу "Кел, би билейік!" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.</p>

		бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.	баулу, тәрбиелеу.	жемістер жайлы олардың пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада, ағашта өсетіні жайлы білімдерін терендету; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
2- танғы ас	Тағамның атаяны есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тандуды, атауды, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ағаштар мен бұталарды бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштар мен бұталардың тірі табигат екені туралы білімдерін бекіту табигатты қорғауға тәрбиелеу Ағаштарды бұтағын, жапырақтарын қарau;	Шырша ағашын бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы жалпы түсініктерін тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген	Құстарды бақылау (торғай, көгершін). (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Көркем сөз Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шиқ-шиқ етіп отыrap. Торғай-торғай	Бұталарды бақылау (жұпарғұл, итмұрын, қара жемісті шетен, мойыл). (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: бұталар жайында түсініктерді кеңейту, оларды атауға машықтандыру; ағаштар мен	Жәндіктерді бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жәндіктер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; шыбынның тіршілігі жайында мәлімет беруде, оның адамға жасайтын зиянын түсіндіру.

	кейбір ағаштар жапырақтарының пішіндері ұқсамайтынын байқату, қай ағашқа жататынын анықтату.	қызығушылықты арттыру. Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпак, жұмбақтарын еске түсіріп айту. Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту.	тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған.	бұталардың негізгі айырмашылығын көруге бейімдеу. Көркем сөз Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз.	Жұмбак Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қарқаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын) Жаз мезгілінде шыбын-шіркейлерлің өмір сұруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау.
	Еңбек әрекеті: балабақша ауласындағы сынған бұтқартарды жинау.	Мақсат-міндеттер: тазалыққа, қарапайым еңбек дағыларына баулу. Педагог қауіпсіздік ережелері жайында ескерту керек.	Шыршаны қашан болмасын тамашалап қаруға болады. Себебі ол әрқашан жап жасыл. Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып, денеміздің сау болуына көмектеседі.	" Құстар және түлкі" қымыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)	Барамыз біз бауына. Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында. Аулада өсетін бұталарды тани білу, яғни 2-3 түрлі: жапырағына, діңіне қарап, бұталарды ажырату, ерекшеліктерін айта білу (бұталардың бойы төмен, діңі жіңішке), атауларын; өсетін орнын (орман, жазық дала, бақ).
	"Оз ағашыңды тап" қымыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)	Мақсат-міндеттер: табиғатты аялауға тәрбиелеу; ағаштарды ажыратуға бейімдеу.	Жасыл желек жамылған Міне, сұлу шыршамыз Инелері тағылған Қандай сұлу шыршамыз!	Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына шейін сомдауға, бір-біріне	Шыбын даладағы заттарға қонып, адамның үйіндегі ыдысқа қона жүретінін көрсету. Соның нәтижесінде іш құрылышына зиян келтіру мүмкін. Басты ереже: шыбынды үйге кіргізбеу, ыдыс-аяқ мен тағамдарды
	"Менің сүйікті			Балаларға	

	ағашым" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың өздерінің сүйікті ағаштарын есте сақтап, суретін салып әңгімелеге үйрету. Балалардың еркін ойны. "Гүлдер мен аралар" қимыл- қозгалыс ойыны. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жинауға және жан- жаққа тараф жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. Балалардың еркін ойындары.	Еңбек әрекеті: ауланы ағаштардан қурап түскен жапырақтардан тазарту. Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізуге бейімдеу. "Ақ серек, көк серек" қимыл- қозгалыс ойыны. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.	соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, үйимшылдыққа тәрбиелеу. "Тұлқіні" педагог тағайындаиды. Ойын барысында балалардың алаңда секіру, жүгіруді мүмкіндіктері қадағалаңады. Еңбек әрекеті: құстарды тамақтандыру. Мақсат-міндеттер: құстарға деген қамқоршылдыққа тәрбиелеу. Педагог кепкен нанды үгітіп, табаққа дайындағы қояды. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	бұталардың жанынан өткен кезде, қауіпсізді сақтау ережелерін түсіндіру. "Тығылмақ" қимылды ойыны. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды аулада тығылмақ ойнауға, шыдамдылыққа тәрбиелеу; ойын ережелерін бұзбай, өз бетінше ойнату. "Қағып алмай өт" (кеғли) ойын жаттығуы. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және eptілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе- тендікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. Еңбек әрекеті:	жабық жерге қою, жеміс-көкөніс, жидектерді жуу. Ауа райының салқындауы байланысты жәндіктер жоғалатынын айту. "Құ түлкі" қимыл- қозгалыс ойыны. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шешберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, eptілікке тәрбиелеу. Балалар кіши шешберге жиналады.
--	---	--	--	---	--

	<p>Ойын ашық аландада өткізіледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.</p> <p>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады.</p> <p>Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.</p> <p>- Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?</p> <p>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.</p> <p>Егер үзіп кетсе, бір</p>	<p>балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіру жолы бойына көлденен сзызықтарды салып қою. Балалар, сзызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.</p> <p>Балалардың еркін ойыны. Ойыншық-тербеткіш, эткеншекте.</p> <p>Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.</p>	<p>ауладағы жұмыс.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өз бетінше талдарды суаруға дағдыландыру; өсімдікке деген қамқорлыққа тәрбиелеу, үлкендерге көмек беру.</p> <p>Балалардың еркін ойыны: құммен ойнау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: құммен ойнауға жағдай жасау, балалардың қызығушылығын арттыру.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шенбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады.</p> <p>Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу тұлкі" болып саналады.</p> <p>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу тұлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу тұлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.</p> <p>Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу тұлкіден" қашып құтылу керек. "Қу тұлкі" кімге қолын</p>
--	--	--	---	--

	<p>баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.</p> <p>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.</p> <p>"Тұзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге үрету.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>			<p>тигізсе, сол шетке шығады.</p> <p>Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.</p> <p>"Көбелекті ұстап алу" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге дағдыландыру; тепе-тендікті сақтауға бейімдеу;</p> <p>достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару.</p>
--	---	--	--	--

					<p>Мақсат-міндеттер: өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу; өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p> <p>Құралдары: су құйғыш.</p> <p>Балалардың еркін ойыны: балалар жақсы көретін ойыншықтармен ойна.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын бойынша жолдастарымен бірігіп ойнауға бейімдеу.</p>
Серуенниен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстаяу, сорпаны төкпеу, нанды ұгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз</p>				

	<p>Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.
Бірте-бірте тұргызыу, сауықтыру шаралары	<p>Ояндық па беріміз? Бір-бірімізге қараймыз. Күлімдейміз беріміз. Керіліп созылып, Ақырын қане тұрамыз. Орнымызда жүреміз, Енді доп болып секіреміз. Адымдап жүреміз. (дene шынықтыру)</p>
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-тигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда кеністіктікіті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту.</p> <p>"Матрешкаға қонақ қару" оийны. Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажыраты білу қабілетін бекіту. Қарапайым сюжетке біріктірілген әртүрлі оийншықтармен</p> <p>"Ненің дауысы?" дидактикалық оийны. Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды сөздерді нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. Тәрбиеші</p> <p>"Сиқырлы қашық" дидактикалық оийны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап- сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші</p> <p>"Өз үйінді тап" дидактикалық оийны. Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.</p>

	<p>Күрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.</p> <p>Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге кояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды.</p> <p>Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай езгерісті байқап тұрсындар деп?».</p> <p>Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Әрекеттердің үлгісін беру.</p> <p>(танымдық дағдылар)</p> <p>"Дәрігерге не керек?" дамытушы ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту.</p> <p>Күралдары: дәрігер және басқа манадар қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер.</p> <p>Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не</p>	<p>жануарлардың дауыстарын салады. Балалар ненің даусы екенін анықтау керек. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл не? "Балалар" бақа" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші сол дыбысты ақырын айтады.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Ойыншықтарды жөндейміз" рөлдік ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау;</p> <p>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүруге ережелеріне баулу;</p>	<p>балалардың ортасына «Сиқырлы қапшық» экеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдал алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қапшықта» салып, кез келген затты таңдал алғып, қолын «сиқырлы қапшықтан» шығармаған бойы сол затты сипаттайды.</p> <p>Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүруге ережелеріне баулу;</p>	<p>Қажетті құралдар: ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындаиды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады.</p> <p>Ойынның сонында әр топтың балаларын мадақтап отырады.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>"Кімді тазалау үйі" сюжетті-рөлдік ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: киімді күту амалдарынмен таныстыру; балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекке баулу; киімді жуу немесе тазалау, кептіру, үтіктеу, бүктеп салу әрекеттеріне дағдыландыру.</p> <p>Құралдары:</p> <p>щеткалар, үтіктегіш, үтіктер, киімдер үлгілері, сөрелер, пластик тегештер, қыр қысқыштар, киімді іletін жіп.</p> <p>Үтіктейміз киімді, Қыртыстарын жазамыз.</p> <p>Кірлем қалса киімдер,</p>	<p>үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады.</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Құралдар:</p> <p>құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).</p> <p>Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады.</p> <p>Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" экеледі,</p> <p>"шеберлер"сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.</p> <p>(қоршаған ортамен</p>	<p>жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сипайылыққа, үйимшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.</p> <p>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.</p> <p>Педагог алдын-ала автобуста жұру ережелерімен таныстырады, сипайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.</p>	<p>"Үй құрылсыы" сюжетті-рөлдік ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылсыы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-құиялын даыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Құрылыш материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылышқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).</p> <p>Педагог балалармен құрылышқа</p>
--	---	---	---	---	---

	Kір жуу машинасына саламыз. (коршаған ортамен таныстыру)	таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялад жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Улкендерге орындарын беру туралы ұлгілерді көрсетуге болады. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі: кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасуышы туралы. Балалар құрылышқа қажет материалдарды таңдаپ, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	"Не болады?" ойыны (балалар тобымен жұмыс) Мақсат-міндеттер:	"Неге үқсайды?"(балалар тобымен жұмыс). Мақсат-міндеттер:	Жаңылтпаш жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзге деген	"Не қайда орналасқан?" ойыны. Мақсат-міндеттер:

	<p>сөйлеу, есте сақтау, заттарды белгі немесе қасиеттері бойынша жалпылауға үрету.</p> <p>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Мысалы: "Сары түсті не болады?"(балапан, күн және т. б.); "Ағашта не өседі?"; "Орманда не тұрады?"және т. б..</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>зейінді, байқағыштықты дамыту.</p> <p>Балаларға екі затты көрсету. Мысалы: "Бір түсті доп пен бір түсті текшени қарастыру. Екеуінің айырмашылығы мен үқсастығын сұрау.</p> <p>Жалпы: екі зат да ойыншықтар, екеуі де бірдей түсті.</p> <p>Айырмашылықтар: доп-дөңгелек, текшешаршы, доп-ұлken, текше - кішкентай.</p> <p>Ойынды қынданаты отырып, балаға аз айырмашылықтары бар заттарды көрсетіңіз, мысалы: бір түсті екі машина, бірақ әртүрлі дөңгелектері, дене пішіні және т. б..</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру,</p>	<p>қызығушылықты арттыру; артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Дәп-дөңгелек Доп дөңгелеп келеді.</p> <p>Тепкен бөгеп қарап Аяқ оған керегі.</p> <p>О. Асқар.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>балалардың жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту; үстегендегі дұрыс пайдалануға дағдыландыру; ойланып айтуға тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: шаршы пішінді парақтар; таратпалы геометриялық пішіндердің жинақнамалары.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>есте сақтау, зейінді дамыту.</p> <p>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көзін жұмуларын сұрау, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алу.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	--	---	---	---

		сөйлеуді дамыту)			
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Тұсқі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атаяны есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері)</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Балалардың жас ерекшелігіне сай ойындар"	"Балалармен бірге ойнаймыз" тақырыбында кеңес беру.	"Ойнаймыз да ойлаймыз!" тақырыбында жаднама.	Ата-аналардың сұраныстары бойынша кеңестер.	"Демалыс күндеріндегі күн тәртібі" тақырыбында сұхбат.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова